


2 Дәрісті бекітуге арналған практикалық тапсырма

«Ө ТМК» АҚ-ның негізгі қорлары өндірістік процесті толық және үздіксіз ұйымдастыру үшін барлық жағдай жасауға арналған. Әсіресе, әлемдік нарыққа шығарылатын өнімдер өндірісінің 1 күнге тоқтап қалуы, компанияны зор шығынға ұшыратады. Сондықтан, кәсіпорын өзінің құрал-жабдықтарының жай-күйіне аса көңіл бөлуі тиіс. Биылғы өндірісті ік іс-тәжірибеден өту барысында, комбинаттың негізгі қорларына егжей-тегжейлі талдау жасауға қажетті ақпаратты жинақтауға мүмкіндік алдым. «Ө ТМК» АҚ-ның негізгі құралдардың жай-күйін талдауын жасауға қажетті ақпараттар төмендегі 1-ші аналитикалық кестеде берілген.

Кесте 1 – «Ө ТМК» АҚ-ның негізгі қорлар құрылымы 2017-2019 ж.ж., мың теңге

Негізгі құралдар	Мың теңге			НҚ үлесі, %		
	2017	2018	2019	2017	2018	2019
Меншіктегі жер	838 625	856 598	1 024 377	2,46%	2,33%	2,06%
Ғимараттар мен үймереттер	9 734 966	11 098 265	13 977 024	28,56%	30,22%	28,08%
Машиналар мен құрал-жабдықтар	19 770 573	20 832 515	27 629 290	58,00%	56,73%	55,50%
Көлік құралдары	1 125 081	1 314 540	2 521 109	3,30%	3,58%	5,06%
Аяқталмаған құрылыс	2 617 922	2 618 565	4 627 630	7,68%	7,13%	9,30%
Барлығы	34 087 167	36 720 483	49 779 430	100,00%	100,00%	100,00%

Комбинаттың 2019 жылда негізгі құралдардың құрылымындағы Машиналар мен құрал-жабдықтарың үлесі – 55,5%, екінші орында ғимараттар мен үймереттер – 28,08%, келесі негізгі бөлігі комбинат меншігіндегі жерге тиесілі – 9,3% (сурет 1).



Сурет 1. 2019 ж. «Ө ТМК» АҚ-ның негізгі қорлар құрылымы

Талданып отырған (2017-2019 ж.ж.) кезең ішіндегі «Ө ТМК» АҚ-ның негізгі құралдарының жай-күйін талдауға қажетті бастапқы мәліметтер мен жүргізілген есептеулердің нәтижесі 2-ші кестеде жүйеленген.

Кесте 2 – «Ө ТМК» АҚ-ның негізгі құралдарын пайдалану тиімділігін бағалау коэффициенттерін есептеу үшін


Көрсеткіш	Жыл			Өзгеріс млн.тг, +/-		Өзгеріс қарқыны, %	
	2017	2018	2019	18/17	19/18	18/17	19/18
1 Негізгі құралдардың жыл басындағы құны	33 274,55	34 087,17	36 720,48	812,621	2633,316	2,44	7,73
2 Түскен негізгі құралдар құны	3 577,97	5 646,92	11 478,93	2 068,95	5 832,01	57,82	103,28
3 Шыққан негізгі құралдар құны	2 765,35	3 013,61	1 580,02	248,26	-1 433,59	8,98	-47,57
4 Жыл соңына негізгі құралдар құны	34 087,17	36 720,48	49 779,43	2 633,32	13 058,95	7,73	35,56
5 Негізгі құралдардың жылдық орташа құны	33 680,86	35 403,83	43 249,96	1 722,97	7 846,13	5,12	22,16
6 Қорланған амортизация	7 196,29	7 372,03	7 941,54	175,75	569,51	2,44	7,73

(тозу)							
7 Негізгі құралдардың баланстық құны	26 484,57	28 031,79	35 308,42	1 547,22	7 276,62	5,84	25,96
8 Сату көлемі	47 462,58	51 943,77	57 670,42	4 481,18	5 726,65	9,44	11,02
9 Жұмысшылардың орташа тізімдік саны	2 348	2 424	2 514	76,00	90,00	3,24	3,71

Негізгі өндірістік қорларды пайдалану тиімділігін олардың техникалық жай-күйімен байланысты, ол тозу, жарамдылық дәрежесімен сипатталады және мынадай коэффициенттер көмегімен анықталады. техникалық жай-күйі (екінші топ) және пайдалану тиімділігі (үшінші топ) динамикасы (бірінші топ) сипаттамалары үшін, 3-ші кестеде берілген көрсеткіштер қолданылады. Негізгі қорлардың техникалық жай-күйінің қанағаттанарлық болуы үшін, мүмкіндігінше, жаңарту коэффициенті шығу коэффициентінен артық болуы керек [27, 65 б.].


Кесте 3 – «Ө ТМК» АҚ-ның негізгі құралдарын пайдалану тиімділігінің есептелген көрсеткіштері

Коэффициент	Жыл			Абсолюттік өзгеріс, +/-		Өзгеру қарқыны, %	
	2017	2018	2019	18/17	19/18	18/17	19/18
1 Жаңарту коэффициенті	0,105	0,154	0,231	0,05	0,08	46,51	49,95
2 Шығыс коэффициенті	0,083	0,088	0,043	0,01	-0,05	6,38	-51,33
3 Қор қайтарымдылығы, тг/тг	1,41	1,47	1,33	0,06	-0,13	4,12	-9,12
4 Қор сыйымдылығы, тг\тг	0,71	0,682	0,750	-0,03	0,07	-3,95	10,03
5 Қормен жарақтану	14,34	14,61	17,20	0,26	2,60	1,82	17,79
6 Тозу коэффициенті	4,624	4,467	4,446	-0,16	-0,02	-3,38	-0,48
7 Жарамдылық коэффициенті	0,784	0,776	0,775	-0,01	0,00	-0,97	-0,14



Сурет 2 – Комбинаттың негізгі құралдардың шығыс коэффициенті


Жаңа жобалардың іске қосылуына және жаңа жабдықтар мен жаңа негізгі қорларды комбинатқа сатып алуға байланысты, сондай-ақ кейбір ескі жабдықтарды есептен шығару нәтижесінде комбинаттың негізгі құралдарының көлемі құрамында біршама жылжулар орын алды. Мәселен, 2019 жылы 11 478,93 млн.теңге көлемінде негізгі құралдар сатып алынса, 11 478,93 млн. теңгеге ескі құрал-жабдық есептен шығарылды. Бұл жайт, шығыс коэффициентінің 0,043 дейін төмендеуге әкелген. Негізгі қорларды жаңарту коэффициенті шығыс коэффициентінен 5 есеге артқан, яғни, комбинаттың жуық арада негізгі құралдарды жаңартуда қажеттілігі байқалмайды. Қор қайтарымдылығы коэффициенті 2019 жылы шамалы төмендеген (сурет 3).



Сурет 3 – Комбинаттың қор қайтарымдылығы коэффициентінің динамикасы


Оның 2019 жылғы мәні 2018 жылмен салыстырғанда 9,12% төмендегенін және негізгі құралдардың құнының бір бірлігіне 1,3 теңге түсім келетіндігін көрсетеді. Қор қайтарымдылығының төмендеуі тауар айналымының 11,02%-ға ұлғайғанда негізгі құралдардың 22,16%-ға өскендігімен түсіндіріледі.

Қарастырылып отырған кезең ішінде қор сыйымдылығы коэффициенті 10%-ға өсті (сурет 4). Бұл көрсеткіш 1 дана өнім шығаруға қанша негізгі құрал қажет екендігін көрсетеді, біздің мысалда, ол – 0,75.



Сурет 4 – Комбинаттың қор сыйымдылығы көрсеткішінің динамикасы

Жарамдылық коэффициентіне назар аударсақ, ол амортизация процентіне пропорционалды түрде жылдан жылға төмендеп келеді және 2019 жылы 0,775 мәнін көрсетті (сурет 5). Демек, комбинаттың негізгі қорларының 80% амортизация үдерісіне қатысуда. Бұл осындай ауқымы кең өндірістік кәсіпорын үшін өте сау құбылыстың көрінісі болып табылады.



Сурет 5 – Комбинаттың қор жарамдылығы коэффициентінің өзгеру серпіні